

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Айтмамбетова Б. Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері /23 лекция/. – Алматы, 1991.
3. Аймухамбетова С. А. Интерактивтые методы учебнойдеятельности. – Қазақстан жоғары мектебі, 2010, №1.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009.
5. Әлімов А., Қосанов Б., Базарбекова Р. Орта мектептің 2 сыныбында интербелсенді әдістемені қолдану. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2010.

ӘОЖ 372

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Имамай Ерзат Рысбекұлы

yerzatimamay@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің физикалық және экономикалық география кафедрасының 1 курс білім алушысы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Н.Мусабаева

XXI ғасыр - жаһандану заманы әрі Z ұрпағы бастаған уақыт. Қазіргі уақытта Z (1997-2012 жылдар аралығында туылғандар) және Альфа (2012-2020 жылдар аралығында туылғандар) ұрпақтары мектеп пен университеттерде оқуда басым. Z ұрпағы электронды гаджеттерді (планшеттер, смартфондар, 3Д құрылғылар, т.б.) кеңінен қолданғандықтан, оларды кейде Цифрлық адам деп те атайды. Ал Альфа ұрпағы дәстүрлік оқытудан анағұрлым шаршап, одан алшақтайды, және әлеуметтік желілер мен ақылды технологияларды одан әрі жиірек пайдаланады.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай қазіргі жас өскелең ұрпақ өмірде, әсіресе, оқыту жұмыстарында жаңа технологияға мұқтаж. Яғни, оларға ақпаратты жеткізу үшін өздеріне ыңғайлы заманауи әдістерді пайдалану керек. Осы салада бірнеше әдістерді айтып кеткім келеді: сабақ барысында әртүрлі викторина-куиздер ойнату, электронды карталар мен видеолар арқылы тақырыпты бекіту, тек жаттау материалдарын емес, визуализацияға да мүмкіндік беру, т.б.

Осы салада мектеп оқушылары мен олимпиада қатысушыларына және ҰБТ-да география пәнін таңдайтын түлектерге географияны оңай әрі заманауи түсіндіру үшін біздің мектептің оқушылары Telegram платформасында GeoCraft ҚБ құрған болатынбыз. Яғни, біз ол арнада тақырыптарды оңай әрі түсінуге жеңіл болатын иллюстрациялар, сызба-диаграммалар арқылы түсіндіріп, өткен тақырыптарды бекіту үшін Kahoot платформасында апталық және айлық куиздер өткізіп отырдық. Және де айына 2-3 рет тегін және ақылы сабақтар жүргізіп отырдық. Осылайша біздің арнамыздың жазылушыларының саны күннен күнге өсті әрі географияға қызығушылықтары оянды.


Мысалы, төмендегі жазбалардың бірінде “Колумб айырбасы” суреттелген, ешқандай сөзсіз, артық ақпаратсыз. Яғни, осы тектес суреттерді көрген оқушыларда айырбас туралы ақпарат әрі сезім болады. Тек қарау арқылы оқушылар айырбас кезінде Еуропа мен Жаңа дүние арасында қандай заттар айырбасталғанын түсіне алады. Немесе “Дельта және эстуарий” жазбасында тек 1 қысқа сөйлеммен ғана бізге толықтай айырмашылығын түсіндіріп тұр. Ал бұл айырмашылық кітапта жарты беттей алатын еді. Және де “Урбандалу жоғары облыстар” жазбасында урбандалуға анықтама беріле отырып, Қазақстанның облыстары көрсетілген. Яғни, осы тектес қысқа әрі оңай тілде жазылған жазбалар да оқушыларға оң әсер етеді, өйткені Z пен Альфа ұрпақтары ұзақ уақыт бойы бір мәліметті қабылдай алмайды.



Сурет 1 GeoCraft арнасының жазбаларынан мысалдар [1]

Әрі мен оқыған мектепте, нақтырақ айтқанда, Шымкент қаласындағы №1 Білім-Инновация ер балаларға арналған лицей-интернатында бізге білім беретін география мұғалімдері сабақтарды презентация арқылы түсіндіріп, оның ішіне әртүрлі видеоматериалдар жүктеп, сабақты өмірмен сабақтастыратын. Баранский айтпақшы “География - қоғам мен табиғат арасындағы көпір”. Сондықтан, географиядағы әрбір тақырыпты өмірмен байланыстыруға болады. Ассоциациялар оқушыларға тақырыпты түсінуге және ойында елестету, яғни, визуализациялау арқылы жаттауға тікелей оң әсер етеді. Презентация немесе видеоматериалдар арқылы сабақты бекіту өте пайдалы – өйткені ол кезде оқушының екі бірдей ақпарат алатын көзі ашылады: көзімен презентациядағы ақпаратты көрсе, құлағымен аудио немесе мұғалімді тыңдайды. Бұндай ақпарат жәй тыңдағанға қарағанда ұзағырақ сақталады.


Тағы бір тың әдіс ретінде карта-анаморфозаларды айтар едім. Карта-анаморфозалар - бұл аймақтар арасындағы көрсеткіштер айырмашылығына негізделген классикалық картаны түрлендіру арқылы жасалған арнайы карталар. Егер біз мемлекеттерді және оларға қатысты көрсеткіштерді әлемнің саяси картасында қарастыратын болсақ, онда ондағы елдердің мөлшері берілген көрсеткішке сәйкес келетіндей бұрмаланатын болады.



Сурет 2 2022 жылдағы әлемдегі халық саны [2]


Жоғарыдағы анаморфоза-картада біз Шығыс Азия мен Африка елдерінің үлкен кеңістікті алып жатқанын байқаймыз. Осы арқылы оқушылар әлемнің қай елдерінде халық саны көп екенін анықтай алады.

Тағы бір жаңа әдіс – заманауи сайттарды сабақ барысында қолдану. Мысалы метеорология және климат туралы өтіп жатсаңыз Ventusky [3] секілді сайттарды пайдалану. Осы тектес сайттарды ауа райы болжамын, температура, жауын-шашын, жел, қысым, ылғалдылық, т.б. мәліметтерді көруге болады.



Сурет 3 Ventusky сайты [3]

Немесе табиғат апаттар туралы сабақта орман өрттерінің таралуын көрсететін SCANEX FIRE MAP [4] сайты пайдалану. Картада дәл қазіргі немесе өткен уақыттардағы орман өрттері мен олардың аумақтарын, тіпті келтірген шығындарын да көруге болады.



Сурет 4 SCANEX FIRE MAP сайты [4]

Және де сабақ үстінде алдыңғы тауырыпты талқылау немесе бір сауалнама алу кезінде қағаз түрінде емес, заманауи электронды онлайн Kahoot, Quizizz, т.б. сайттар қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Қорытындылай келе, қазіргі өскелең жас ұрпақ – еліміздің болашағы. Ал олардың білімді болуы тікелей ұстаздарға байланысты. Сондықтан ұстаз өзіне түскен осы жауапкершілікті түсіне отырып, оқушыларға қиын болған дәстүрлі әдістерден оқыту процесі тез жүруі үшін бас тартып, немесе жаңа әдістермен ұштастыра білуі керек деп ойлаймын.

Онымен қосы қазіргі заман талап ететін сыни ойлау, миға шабуыл секілді әдістерді де сабақ үсітінде қолдану нұр үстіне нұр болушы еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://t.me/geocraft_kz
2. https://worldmapper.org/maps/?sf_paged=2
3. <https://www.ventusky.com>
4. <https://fires.ru>

ӘОЖ 372

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қауметов Арман Қанатұлы
Armankaumetov1@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабаева

География - өте кең ауқымды пән екені барлығымызға анық. Физикалық саласымен ғана шектелмей, әлеуметтік-экономикалық, оның ішінде саяси мен экономикалық географияны оқыту келер ұрпақ үшін өте маңызды және өзекті болып табылады. Саяси география өз кезегінде елтану бағытын қамтыса, экономикалық география қоғамдық өндірістің аумақтық ұйымдастырылуын мен шаруашылығын зерттейді. Айтылған салаларды оқушы не үшін білу қажет?

Мәселен, халықаралық шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымындағы жаңадан пайда болған географиялық нысандарын, жаңа буын кәсіпорындарының техникалық және технологиялық қайта жаратандырылуын, ұлттық экономиканың барлық дерлік салаларының индустриалды-инновациялық дамуы кезеңін айқындайтын, географиялық білім беру қажеттілігі күттірмес мәселе болып табылады. [1]

Осыған қоса, білім алушы елтану саласын меңгере отырып, дүниежүзі елдерінің табиғатын, халқын, шаруашылығын, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдасуы туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін және бірнеше ғылым салаларын ұштастыра алатын деңгейге жетеді.

Қазіргі кезде елтану бағытындағы географиялық ақпараттық жүйелер мен деректер базасын пайдалануға қажеттілік артып келеді. Осы ақпараттар ғылымда, білім беру саласында, күнделікті қоғам өмірінде де кеңінен таралады. Демек, оқушылардың дүниетанымын және көкжиегін кеңейту мақсатында да саяси география, әсіресе елтану бағыты арқылы берілетін ақпараттардың орны ерекше. [2]

Әлеуметтік-экономикалық географияны оқыту білім алушыларға әлеуметтік пен экономикалық жүйелердің арасындағы байланысты және осы салалардың қоршаған ортамен қалай өзара әрекеттесуі туралы танымдық ақпараттарды береді.

Оқушылардың анализ, яғни талдау дағдыларын дамыту. Әлеуметтік-экономикалық географияны зерттеу барысында, оқушылардан сыни ойлау, нақтырақ айтқанда ақпаратты талдау арқылы негізделген қорытынды жасау талап етеді.